

"Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қантардағы № 310 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 наурызда № 5388 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 454 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 16.05.2016 № 454 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Занына және "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наураздағы Занына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекітуінде.

2. "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 79 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5076 номірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 04 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары К.Д. Үсқақовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "26" қантардағы
№ 310 қаулысымен бекітілген

"Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызылорда облысының халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және көші-қон саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Психикалық-жүйке ауруларының интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Қазалы психикалық-жүйке ауруларының интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Балаларға арналған психоневрологиялық интернат үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Мүгедектерге арналған оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

4. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

9. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Занды тұлғаның тұрган жері: индекс 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, № 47.

11. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қызылорда облысының жұмыспен қамтууды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

13. Басқарманың қызметін каржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Басқарманың миссиясы: азаматтардың еңбек, жұмыспен қамту, көші-қоны және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы конституциялық кепілдіктері мен құқықтырын қамтамасыз ету арқылы Қызылорда облысы халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал ету.

16. Негізгі міндеттері: өз құзіреті шегінде еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру және көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

17. Функциялары:

- 1) халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында тұратын нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отыруды үйлестіреді;
- 3) қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды үйлестіреді;

4) облыс аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін орталық атқарушы орган бөлгөн квота шегінде шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру, сондай-ақ, атаптап рұқсаттарды тоқтата тұрады және кері қайтарып алады;

5) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын ашуға қолдау көрсетеді;

6) жұмыссыздарға әлеуметтік қорғау көрсетуді үйлестіреді;

7) халықты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы еңбек ресурстарына қажеттілікті қалыптастырады;

8) өз құзіреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

9) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тиісті аумақтарды оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыруға арналған өнірлерге жатқызу туралы ұсыныстар енгізеді;

10) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

11) еңбекші көшіп-қонушыларды есепке алууды және тіркеуді жүзеге асырады ;

12) этникалық қазақтардан оралман мәртебесін беруге өтініштерін қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;

13) этникалық қазақтардан оралмандарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізуге өтінішін қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;

14) оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды;

15) оралмандарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды;

16) Қазақстан Республикасының азаматтарынан қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізуге өтініштерін қажетті құжаттарымен қоса қабылдайды;

17) қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды;

18) оралман куәлігін береді;

19) оралмандарды бейімдеу және интеграциялау орталықтарын, уақытша орналастыру орталықтарын құрады және қызметін ұйымдастырады;

20) жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлгөн квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды береді, сондай-ақ, көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және қайтарып алады;

21) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын шетелдік қызметкерлерге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлгөн квота шегінде облыс аумағында жұмысқа орналасуға рұқсаттарды береді, сондай-ақ, көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және қайтарып алады;

22) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде түрған сотталған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктердің атқарады;

23) халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіреді;

24) қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды үйлестіреді;

25) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

26) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

27) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

28) жеке және занды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

29) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсетуді қамтамасыз етеді;

30) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуі қамтамасыз етеді;

31) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шараларды қабылдайды;

32) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің қосымша көлемін көрсетудің тізбесі мен тәртібін әзірлейді және облыстың өкілді органның бекітуіне ұсынады;

33) арнаулы әлеуметтік қызметтерді және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтердің көрсету бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастырады;

34) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектердің кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастырады;

35) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес тиісті аумақта медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтуды ұйымдастырады;

36) мүгедектердің оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектердің және мүгедек балалардың санаторий-курорттық емделуін қамтамасыз етеді;

37) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтыруши) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

38) дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуі ұйымдастырады;

39) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп мәдени-көпшілік және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

40) мүгедектерге қайырымдылық және әлеуметтік көмектің көрсетілуін үйлестіреді;

41) жұмыс берушілердің өнірлік бірлестіктерімен және қызметкерлердің өнірлік бірлестіктерімен өнірлік келісімдер жасайды;

42) көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесінің өлшемдерін еңбек жөніндегі үәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен қарайды және келіседі;

43) өз құзіреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады;

44) жеке және занды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарайды, олардың орындалуын бақылайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар береді;

45) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастырады;

46) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілдептіктерді жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы

2) Басқарма:

жеке және занды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды үйымдастыруға;

занды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заннамада қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндепті.

3. Басқарманың қызметін үйымдастыру

19. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

22. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзіреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзіретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заннамаға сәйкес қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзіретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заннамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыйайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) Басқарманың жұмысын үйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындауды;

13) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

- 14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді үйымдастырады;
- 15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;
- 17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;
- 18) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

23. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. Басқарманың жұмыс режимі:

- 1) Басқарма дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;
- 2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-ден сағат 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;
- 3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс іstemейді.

25. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, Басқарма әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Басқарманың мүлкі

26. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

27. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.
28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта үйымдастыру және тарату

29. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК